

Шаруашылық жүргізуші монополист-субъектілер келісімді міндеттемелерін орындаған немесе ойдағыдан орындаған жағдайда кешіктірілген төлемді (айышпұлды, өсімді) өндіріп алудың тәртібін бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің қаулысымен 1996 жылғы 8 қаңтар N 1 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 26 ақпанды N 152 тіркелді. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 465-НҚ бұйрығымен.

*Ескеरту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 465-НҚ бұйрығымен.*

## *-----Бүйректан үзінді-----*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала  
отырып БҰЙЫРАМЫН:

## *БҮЙЫРАМЫН:*

*1. Қосымшага сәйкес Монополияға қарсы органның кейбір шешімдерінің  
куші жойылды деп танылсын.*

4. Осы бүйрек қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

# *Təpaşa*

"Монополияға қарсы органның кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 465-НҚ бұйрығына қосымша

*Монополияға қарсы органның кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы*

1. "Шаруашылық жүргізуші монополист-субъектілер келісімді міндеттемелерін орындаған немесе ойдағыдан орындаған жағдайда кешіктірілген төлемді (айыппұлды, өсімді) өндіріп алушың тәртібін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 19 ақпанда тіркелген) Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат

Қазіргі уақытта республикада қолданылып жүрген заңдарға қайшы келетін және тұтынушылардың құқықтарына нұқсан келтіретін толып жатқан ведомстволық актілер бар. Тікелей қолданылатын заң болып табылатын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау, шарттың ережелерін күштеп тануға жол бермеу, сол сияқты шаруашылық жүргізуші монополист-субъектілердің өнімдерін (жұмысын, қызметін) сатудан негіzsіз қосымша табыс алынуына жол бермеу мақсатында, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қыркүйектегі N 999 Р940999\_ қаулысының 4-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің Мемлекеттік тізілімі мен Қазақстан Республикасы табиғи монополияларының Мемлекеттік тізбесіне кіргізілген шаруашылық жүргізуші субъектілер шаруашылық жүргізуши субъектілермен шарттар жасасқан кезде өнімдер, жұмыстар (қызмет көрсету) үшін уақтылы төленбекен сомалар бойынша тараптардың жауапкершілігі тұрғысынан алғанда орындалмаған не ойдағыдай орындалмаған міндеттеменің сомасына әрбір кешіктірілген күн үшін төлемнің (айыппұлдың, өсімнің) мөлшерін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі аталған сомаларды төлеу күні белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есе шамасынан артық өндіріп алуға құқығы жоқ деп белгіленсін.

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілермен шарттар жасасу кезінде тараптардың келісімді міндеттемелерін орындау үшін өзара жауапкершілігін арттыру мақсатында ол шарттарға келісімнің ережелерін орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын көздейтін тармақтар міндетті түрде кіргізілсін, олардың мөлшері мұнайда:

- есеп-қисап аспабынан тыскары берілетін жұмыс (қызмет) үшін: жұмыс (қызмет) берілмеген әрбір толық және толық емес күн үшін жұмыстың (қызметтің) құнының есептеулі күнтәуліктік құнынан 1,5 есе кем емес мөлшерде;

- есеп-қисап аспабы бойынша берілетін жұмыс (қызмет) үшін шарттың ережелерінде көзделіп берілмеген жұмыстың (қызметтің) есептеулі құнынан 1,5 е с е к е м е м е с м ө л ш е р д е .

3. Тұтынушы тұтынудың кестесі мен мөлшерін орындау жөніндегі шарт ережелерін орындағаны үшін айыппұл салу тек мына жағдайда ғана - Шартты әзірлеу кезінде жұмыс (қызмет) тұтынудың (жөнелтудің) кестесі мен аталған айыппұлды өндіріп алудың тәртібі бір мезгілде ескерілгенде - қолданылады.

4. Шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің Мемлекеттік тізілімі

мен Қазақстан Республикасы табиғи монополияларының Мемлекеттік тізбесіне кіргізілген шаруашылық жүргізуші монополистерге бұрын жасасылған шарттарды осы қаулыға сәйкес келтіру міндеттелсін.

5. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер шаруашылық жүргізуші монополист субъектілердің осы қаулыға сәйкес өнімдер сату мен жұмыс (қызмет) атқару жөнінде шарттар өзірлеуіне бақылау орнатсын.

6. Осы қаулының қабылдануына байланысты шаруашылық жүргізуші монополист субъектілер келісімді міндеттемелерін орындаған немесе ойдағыдай орындаған жағдайда төлем (айыппұл, өсім) өндіріп алу мәселесі туралы министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың және басқа мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ меншіктің барлық нысандарындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер басқару органдарының шешімдері барлық нормативтік актілері құшін жояды.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК